

## **Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер ("Пекин ережелері")**

БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсан айында қабылданған.

### **Бірінші бөлім**

#### **Жалпы принциптер**

##### **1. Негізгі мақсаттар**

1.1. Қатысушы мемлекеттер өздерінің ортақ мүдделеріне сай, кәмелетке толмағандар мен оның отбасының салауатты өмірі үшін жағдай жасауға ұмтылуы тиіс.

1.2. Қатысушы мемлекеттер жас өспірімдердің қоғамдағы мағыналы өмірі үшін оның бұрыс әрекеттерге бейім тұратын шағында, оның тұлғалық дамуына және қылмыстар мен құқық бұзушылықтардан барынша ада білім алуына септігін тигізетін жағдайлар жасауға ұмтылуы тиіс.

1.3. Заңның араласуын азайту мақсатында және жасөспіріммен тиімді, әділ және ізгі қарым-қатынас жасау мақсатында, заңмен араз жасөспірімнің игілігі үшін қызмет ететін барлық ресурстарды, атап айтқанда отбасы, жанашыр еріктілер, басқа да қоғамның топтарын, сондай-ақ мектептерді және басқа да қоғамдық институттарды жұмылдыратын оң шараларды жүзеге асыруға жеткілікті мән беру керек.

1.4. Кәмелетке толмағандарға қатысты әділ үкім – әр мемлекеттің жан-жақты әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету жолындағы ұлттық дамуының бөлінбес бөлігі болуы тиіс, осылайша жастарды қорғау мен қоғамдағы бейбіт ғұмырды сақтауда ықпалдасуы керек.

1.5. Осы Ережелер әр мемлекетте жасап жатқан экономикалық, әлеуметтік және мәдени шарттардың аясында жүзеге асырылады.

1.6. Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігіндегі қызметкерлердің біліктілігін тиісті деңгейде ұстап тұру үшін аталмыш қызметтің әдістемелерін, амалдарын және қатынасын жүйелі түрде дамытып және үйлестіріп отыру керек.

### **Түсініктеме**

Әлеуметтік саясатты жалпылама қозғайтын осы кең ауқымды, негізгі мақсаттар кәмелетке толмағандардың игілікті ғұмыры үшін барынша ықпалдасуға, құқық қорғау жүйесінің тарапынан араласу қажеттілігін мүмкіндігінше кемітуге, және өз кезегінде осындай қолсұғулардың себебінен болатын барлық зардаптарды азайтуға мүмкіндік беруге бағытталады. Мұндай жастарға қатысты, құқықбұзушылық жасалғанға дейінгі

орындалатын шаралар – осы Ережелерді қолдану қажеттілігін болдырмауға бағытталған саясаттың негізгі мазмұны болып табылады.

1.1-1.3 қағидаларында кәмелетке толмағандарға қатысты сындарлы әлеуметтік саясаттың кәмелетке толмағандардың қылмыстар мен құқық бұзушылық жасауын алдын алудағы атқаратын рөлі көрсетілген. 1.4 қағидасында әділ сот төрелігі – кәмелетке толмағандарға қатысты орындалатын әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету жолындағы құрамдас бөлімі екендігі анықталған, ал 1.6 қағидасында кәмелетке толмағандарға қатысты ілгерішіл әлеуметтік саясатты әзірлеу шаралары мен сот төрелігі жүйесіндегі қызметкерлер жұмысын үнемі жақсартып отыру керектігін ескере отырып, сот төрелігінің жүйесін ұдайы жетілдіріп отыру қажеттігі түсіндірілген.

1.5 қағидаларының мақсаты – нақты ережелерді қолдану үлгісінің өзгеруіне әсер ететін мүше мемлекеттердің жүйесіндегі бар шарттарды сипаттау болып табылады; бұл үлгілер басқа мемлекеттердегі бар үлгілерден ерекшеленуі сөзсіз ықтимал.

## **2. Ережелерді қолдану аясы және пайдаланылған анықтамалар**

2.1. Келесі Минималды стандартты ережелер кәмелетке толмағандарға қатысты риясыз орындалады, олардың нәсіліне, терісінің түсіне, жынысына, тіліне, діни нанымына, саяси немесе басқа да ұлттық немесе әлеуметтік ұстанымдарына, мүліктік жағдайына, дәрежесіне және өзге де жағдайына қарамастан жалпыға бірдей қолданылады.

2.2. Мүше мемлекеттер осы Ережелер бойынша келесі анықтамаларды өздерінің құқықтық жүйелері мен тұжырымдамаларына сәйкесетін түрде қолданады:

а) кәмелетке толмаған бала немесе бозбала дегеніміз құқық бұзушылыққа жауапкершілікке тартылу түрі ересек адам тартылатын жауапкершілік түрінен ерекшеленетін тұлға саналады.

б) құқық бұзушы дегеніміз қолданыстағы бар құқықтық жүйенің аясында заңмен жазаланатын кез-келген қылық (әрекет немесе әрекетсіздік) болып табылады.

с) Кәмелетке толмаған құқық бұзушы дегеніміз құқық бұзған күдікті бала және бозбала немесе құқық бұзғаны анықталған бала және бозбала.

2.3. Әрбір ұлттық құзыреттіліктің аясында кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға және оларға қатысты сот төрелігін орындайтын ұйымдар мен мекемелерге байланысты, төмендегі шарттарға жауап беретін заңдар, ережелер және қағидалар жиынын қабылдауға күш салу керек:

а) кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың негізгі құқықтарын сақтай отырып, олардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын заңдар;

б) қоғамның мұқтаждарын қанағаттандыратын заңдар;

с) төмендегі ережелерді сөзсіз және риясыз жүзеге асыру;

## Түсініктемелер

Минималды стандартты ережелер әртүрлі құқықтық жүйелерде қолдануға арналып жасалған, сондай-ақ кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен қатынас құру бойынша қолданыстағы анықтамалар мен жүйе үшін кейбір минималды стандарттарды жүзеге асыру мақсатында тұжырымдалған. Ережелер барлық жағдайда риясыз және ешқандай алалаушылықсыз орындалуы керек.

Осы себепті 2.1 қағидасында Ережелердің риясыз және ешқандай алалаушылықсыз орындалуының қажеттілігіне баса назар аударылады. Бұл ереже Бала құқықтары Декларациясының 2 принципінің тұжырымдамасын басшылыққа алады (1386 Қарар (XVI). Сондай-ақ Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою Конвенциясын (34/180 қарар, қосымша); Нәсілшілдік пен нәсілдік кемсітушілікпен күрес Халықаралық конференциясының Декларациясын (Нәсілшілдік пен нәсілдік кемсітушілікпен күрес Халықаралық конференциясының Мәлімдемесі. Женева, 14-25 тамыз, 1978 жыл (Біріккен Ұлттар Ұйымының баспасы, R.79.XVI нөмірімен сатылымда , 2), 2 тарау); Дінге немесе нанымдарға негізделген төзбеушілік пен кемсітушіліктің барлық түрін жою Декларациясын (36/55 қарар); Қамаудағылармен қарым-қатынас жасаудың минималды стандартты ережелерін (Адам құқықтарын қараңыз: Халықаралық келісім шарттардың жинағы) (Біріккен Ұлттар Ұйымының баспасы, R.83. XVI.1 нөмірімен сатылымда). Каракас декларациясын (35/71 қарар, қосымша); және 9.) қағидасын қараңыз.

2.2 қағидасында "кәмелетке толмаған" мен "құқық бұзушылық" түсініктеріне осы Минималды стандартты ережелердің негізгі мәні болып табылатын "кәмелетке толмаған құқық бұзушы" түсінігінің құрамдасы ретінде анықтама берілген (3 пен 4 қағидаларын да қараңыз). Алайда, жас ерекшеліктеріне қарай шектеулер әрбір жеке-жеке құқықтық жүйелерге мүше мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік, саяси , мәдени және құқықтық жүйелерін толықтай ескере отырып анықталады. Сондықтан, " кәмелетке толмаған" түсінігі 7 жастан 18 жасқа дейінгі, немесе одан да жоғары жас аралығындағы ауқымды қамтиды. Мұндай кең ауқым ұлттық құқықтық жүйелердің алуан түрлілігіне байланысты міндетті болып отыр және осы Минималды стандартты ережелердің мәнін төмендетпейді.

2.3 қағидасында осы Минималды стандартты ережелерді заңнамалы жүзінде және тәжірибе жүзінде оңтайлы жүзеге асыруға бағытталған нақты ұлттық заңнаманы әзірлеу қажеттілігі туралы айтылған.

## 3. Ережелерді қолдану аясының кеңеюі

3.1. Ережелердің тиісті қағидалары тек қана кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты орындалмайды, сондай-ақ ересек адам жасаған құқық

бұзушылықтың себебінен жазаланбаған кәмелетке толмаған құқық бұзушыға да қатысты қолданылады.

3.2. Ережелерде баяндалған принциптердің күшінің әлеуметтік қамтамасыз етіліп отырған және қорғаншылыққа алынып отырған кәмелетке толмағандарға да жүруі үшін күш салу керек.

3.3. Сондай-ақ, Ережелердегі принциптердің кәмелетке толған жас құқық бұзушыларға жүруіне де күш салған жөн.

## **Түсініктемелер**

3 қағидада төмендегі жағдайлардың бірі орын алғанда кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты Минималды стандартты ережелерде қарастырылған қорғаныс құралдарының күшінің таралуы қаралады:

а) әртүрлі құқықтық жүйелердегі "статустық бұзушылықтар", яғни кәмелетке толмағандарға қабылданған құқық бұзушылық әрекеттердің аясы ересектерге қабылданған құқық бұзушылық әрекеттерден ауқымдырақ болған жағдайда (мысалға, сабақтан қалу, мектептегі және отбасындағы нашар тәртіп, қоғамдық орындарда мас болу т.б.) (3.1 қағидасы);

б) кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қамсыздандыруға және қамқоршылыққа алу бойынша шараларды жүзеге асыру (3.2 қағидасы);

с) Кәмелетке толған жас құқық бұзушылармен, олардың нақты жас ерекшеліктеріне қарай, қарым-қатынас орнату тәртіптері (3.3 қағидасы).

Осы үш категорияға жататындарға Ережелерді қолдану орынды көрінеді. 3.1 қағидасы осы саладағы минималды кепілдіктерді қарастырса, 3.2 қағидасы заңмен араз кәмелетке толмағандарға әділетті, теңқұқықты және адамдық әділдікті орнату жолындағы қажетті қадам ретінде танылады.

## **4. Қылмыстық жауапкершілікке тартылу жас ерекшелігі**

4.1. Қылмыстық жауапкершілікке тартылу жас ерекшелігі ескерілетін құқықтық жүйелер бойынша, эмоциялық, рухани және зияткерлік аспектілерге сай, жауапкершілікке тартылу жас шектеулері тым аз белгіленбеуі тиіс.

## **Түсініктеме**

Қылмыстық жауапкершілікке тартылу жас шамасының ең төменгі шегі әр алуан және тарихи-мәдени ерекшеліктерге байланысты анықталады. Жаңа тәсіл бойынша, баланың қылмыстық жауапкершілікке байланысты, ағлақтық және психологиялық ауыртпашылықты көтеру мүмкіншілігін анықтауды қажет етеді, яғни баланың жеке ерекшеліктері және оның ұғымы мен қоғамға қарсы әрекетінің жауапкершілігін

түсінуіне қарай оны жауапкершілікке тарту мүмкіншілігін анықтаумен байланысты болады. Егер қылмыстық жауапкершілікке тартылу бойынша жас шектеулері тым аз белгіленсе немесе тіпті белгіленбесе, онда жауапкершілік түсінігі өз мәнін жоғалтады. Жалпылай алғанда, құқықтық бұзушылық пен қылмыстық әрекет жауапкершілігінің және басқа да әлеуметтік құқықтар мен міндеттердің (отбасылық жағдай, азаматтық кәмелеттілік және т.б.) арасында тығыз байланыс бар.

Осы себепті, халықаралық ауқымда қолдануға мүмкін болатын, орынды, ең төменгі жастық шектеулерді белгілеуге күш салған абзал.

## **5. Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің нысандары**

5.1. Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің жүйесі ең бірінші кезекте кәмелетке толмағандардың игілігіне және кез-келген ықпалдасу шарасының оның тұлғалық ерекшеліктерін және олар тап болған жағдайлардың ерекшеліктерін ескеруін камтамасыз етуге бағытталады.

### **Түсініктеме**

5 қағидада кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін орындаудың екі маңызды нысаны көрініс тапқан. Бірінші нысан кәмелетке толмаған тұлғаның игілігі үшін септігін тигізу. Бұл нысан – кәмелетке толмағандардың ісімен отбасылық соттар немесе әкімшілік биліктер айналысатын кәмелетке толмағандардың дамуы үшін ерекше назар аударылатын құқықтық жүйелердің негізгі мақсаты болып табылады. Сондай-ақ аталмыш нысан қылмыстық қудалау үлгісін ұстанатын, жазалау ықпалшараларын тиятын құқықтық жүйелерге де қатысты (14 қағиданы қараңыз).

Екінші нысан бойынша "шамаластық принципін" ұстану болып табылады. Аталмыш принцип құқық бұзушылықтың салмағына қарай жазасын кесу бойынша қолданылатын жазалау ықпалшараларын азайту құралы ретінде кең танылған. Жас құқық бұзушылардың құқық бұзушылық әрекетін сол әрекеттің ауырлығына байланысты емес, сондай-ақ құқық бұзушының жеке ерекшеліктері ескеріліп, бағаланады. Құқық бұзушының жеке ерекшеліктері (мысалға әлеуметтік мәртебесі, отбасылық жағдайы, құқық бұзушының тигізген зардаптары және құқық бұзушы тұлғасына байланысты басқа да факторлар) оған қатысты қолданылатын амалдарға тең қатынаста болуы керек (мысалға, құқық бұзушының жәбірленушіге тигізген зардабын өтеу ниетін және оның толыққанды пайдалы өмір сүруге деген ықыласын ескере отырып).

Сәйкесінше, жасөспірім құқық бұзушының игілігіне бағытталған амалдар кейде шектен тыс орындалып, кейбір құқық қорғау жүйелерінде байқалғандай, сол жасөспірімнің құқықтарына бұзуы мүмкін. Бұл жағдайда, оларға қатысты қолданылатын амалдардың құқық бұзушылық жағдайлары мен құқық бұзушы мен

жәбірленушінің тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тең қатынаста болуын қамтамасыз ету керек.

Негізінде, 5 қағидада кәмелетке толмаған жасаған кез-келген құқық бұзушылыққа немесе қылмысқа қатысты нақты әділ амалдар қарастырылған. Осы ереже қамтыған аспектілердің алуандығы екі амалды орындауға мүмкіндік беруі мүмкін: қарсы амалдардың жаңа және жаңашыл әдістері, яғни кәмелетке толмағандарға қатысты әлеуметтік бақылау аясын кеңейту іспеттес қажетті.

## **6. Дискрециялық өкілеттердің ауқымы**

6.1. Кәмелетке толмағандардың ерекше мұқтаждарына қарай, сондай-ақ шаралардың сан алуандығына орай, тиісті дискрециялық өкілеттерді сот істерінің барлық кезеңінде және кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін орындаудың барлық кезеңінде, атап айтқанда істің сотта қаралуы, сот үкімінің шығарылуы және сот шешімдеріне бақылау жүргізу кезеңдерінде қарастыру керек.

6.2. Осымен қатар, дискрециялық құқықтылықты жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде және деңгейлерінде тиісті есептілікпен қамтамасыз етуге күш салу керек.

6.3. Дискрециялық өкілеттіктерді пайдаланатын тұлғалардың тиісті біліктілігі немесе өздерінің қызметі мен өкілеттіліктерін орынды пайдалануы үшін әзірлігі болуы керек.

## **Түсініктеме**

6.1, 6.2, 6.3 қағидаларында кәмелетке толмағандарға қатысты тиімді, әділ, ізгі сот төрелігін орындаудың бірнеше маңызды аспектілері қарастырылған: шешім қабылдаушы тұлғалар әр нақты жағдайға байланысты әрекет етуі мақсатында, сот төрелігін орындаудың барлық кезеңінде дискрециялық өкілеттілікті қолдануына рұқсат беру; және дискрециялық өкілеттіліктерді теріс пайдалануға жол бермеу үшін және жасөспірім құқық бұзушының құқықтарын қорғау мақсатында бақылау шараларын қайта қарау мүмкіндігін беру қажеттілігі туралы. Есептілік пен кәсіпқойлық – дискрециялық өкілеттілікті шамадан тыс пайдалануға шектеу қоятын негізгі құрал болып табылады. Осылайша, осы ретте кәсіпқой дағдылар мен әзірліктің дискрециялық өкілеттілікті кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты орынды пайдаланудағы мәні баса көрсетіледі (сондай-ақ, 1.6 және 2.2 қағидаларын қараңыз). Осы мән-мәтінде дискрециялық өкілеттіліктердің негізгі нақты принциптерінің әзірленуінің және істі қайта қарау, апелляция және т.б. жүйелердің шешімдер мен есептілікті тексерудегі маңыздылығы баса көрсетіледі. Мұндай механизмдер олардың халықаралық Минималды стандартты ережелерге енуіне байланысты орын алатын қиындықтардың себебінен жарияланбайды.

## **7. Кәмелетке толмағандардың құқықтары**

7.1. Кінәсіздік презумпциясы, тағылған айып туралы хабардар болу құқығы, түсінік беруден бас тарту құқығы, қорғаушы жалдау құқығы, ата-аналардың немесе қамқоршының қатысуына рұқсат құқығы, куәгерлермен көзбе-көз беттесу құқығы, тұс-тұсынан жауап алу құқығы, жоғары инстанцияға шағымдану құқығы секілді негізгі іс жүргізу кепілдіктері сот ісінің барлық кезеңінде берілуі тиіс.

### **Түсініктеме**

7.1 қағидасында әділ және риясыз соттың маңызды бөлігі болып табылатын және халықаралық деңгейдегі қолданыстағы адам құқықтары жөніндегі құжаттарда қабылданған кейбір айтулы аспектілер көрсетілген (14 қағиданы қараңыз). Кінәсіздік презумпциясы туралы ереже Адам құқықтарының жалпы декларациясының 11 бабында және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Шарттың 14.2 бабында да жазылған, Минималды стандартты ережелердің 14 қағидасында және әрі қарай кәмелетке толмағандардың ісін сотта қарау кезінде маңызды болып саналатын мәселелер анықталған, ал 7.1 қағидасында ең негізгі іс-жүргізу кепілдіктері жалпылай нақтыланған.

## **8. Құпиялылықты қамтамасыз ету**

8.1. Кәмелетке толмаған тұлғаның құпиялылық құқығы қажетсіз жариялылықтың кесірінен болатын зардаптардан қорғану үшін және абыройына нұқсан келмес үшін барлық кезеңде сақталуы тиіс.

8.2. Жалпы алғанда, кәмелетке толмаған құқық бұзушыны белгілі қылатын ешқандай ақпарат жарияланбауы керек.

### **Түсініктеме**

8 қағидада кәмелетке толмаған құқық бұзушының құпиялылыққа құқығының маңыздылығы нақтыланған. Жастар абыройына келген нұқсанды айрықша ауыр қабылдайды. Криминологиялық зерттеулердің қорытындысы бойынша, "құқық бұзушы" немесе "қылмыскер" деген атақтың жастарға қолданылуы арқылы абыройына нұқсан келтірудің теріс салдарлары (әртүрлі) көп болады екен.

8 қағидада кәмелетке толмағанның абыройын олардың әрекетін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау (мысалға, күдікті немесе сотталған жасөспірім құқық бұзушының аты-жөнін) салдарынан болатын кері әсерден қорғау маңыздылығы көрсетілген. Негізінде, тұлғаның мүдделерін қорғау керек және оған кепіл болу керек (8 қағидада жазылған жалпы ережелер 21 қағидада нақтыланады).

## **9. Қорғау түсініктемесі**

9.1. Осы Ережелердегі ешбір тармақ Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Қамаудағылармен қарым-қатынас құру минималды стандартты ережелерін қолдануды шектейтін ереже ретінде түсінілмеуі тиіс. Адам құқықтарын қараңыз: Халықаралық келісім шарттар жинағын (Біріккен Ұлттар Ұйымының баспасы, сатылымда R83.XIV.1 нөмірімен) және адам құқықтарына қатысты халықаралық қауымдастықтар қабылдаған жастарды қорғау және қамқорлауға байланысты басқа да құжаттар мен стандарттарды қараңыз.

### **Түсініктеме**

9 қағида осы Ережелердің Адам құқықтарының Жалпыға ортақ декларациясы, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі Халықаралық Шарт және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық шарт; Бала құқықтары декларациясы мен бала құқықтары туралы конвенция жобасы (Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 1985/42 қарарын қараңыз) іспеттес қолданыстағы және өндірістегі адам құқықтарына байланысты халықаралық құжаттар мен стандарттарға сәйкес түсініктемесі мен жүзеге асырылуы кезіндегі кез-келген жете түсінбеушіліктің алдын алу мақсатында жазылған. Осы Ережелерді қолдану – қолданыс аясы кеңірек, ешқандай ұқсас халықаралық құжаттарға нұқсан келтірмейтінін ескеру қажет ( сондай-ақ, 24 қағиданы қараңыз).

### **Екінші бөлім**

#### **Тергеу және істің сотта қаралуы**

#### **10. Бастапқы шарт**

10.1. Кәмелетке толмаған құқық бұзушы ұсталған кезде, оның ата-анасы немесе қамқоршысы бұл туралы дереу хабарланады, егер мұндай хабарлау мүмкін болмаған жағдайда, оларды сәл кешірек бірақ барынша шұғыл түрде хабардар ету керек.

10.2. Төреші немесе басқа құзыретті лауазымдық тұлға немесе орган босату мәселесін кешіктірместен қарастырады.

10.3. Құқықтық қамту органдары мен кәмелетке толмаған құқық бұзушылар арасындағы байланыс кәмелетке толмаған құқық бұзушының құқықтық мәртебесіне құрметпен, оның игілігі үшін, және іс жағдайларын ескерумен, оған зардап келтірместей тәртіпте орнатылады.

### **Түсініктеме**



10.1 қағидасы негізінде, Қамаудағылармен қарым-қатынас құру Минималды стандартты ережелерінің мазмұны 92 қағидасында берілген (Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бірінші Конгресі, Женева, 22 тамыз - 3 қыркүйек, 1955 жыл, Хатшылық дайындаған Баяндама (Біріккен Ұлттар Ұйымының баспасы, сатылымда № 1956. IV. 4). 1957 жылғы 31 шілдедегі 663 С (XXIV) қарарында Экономикалық Әлеуметтік Кеңес Минималды Стандартты Ережелерді мақұлдаған, сондай-ақ айрықша пенитенциялық және түзеу мекемелеріне қызметкерлер жинау және дайындау ұсыныстарын және ашық пенитенциялық және түзеу мекемелеріне қатысты ұсыныстарды мақұлдаған. Кеңес үкіметтерге Минималды стандартты ережелерді мәселесіне оң көзқараспен қарап, оны қолдану бойынша және пенитенциялық және түзеу мекемелеріне қатысты екі ұсынысты қарастыруды ұсынды. Жаңа 95 қағида 1977 жылғы 13 мамырдағы Қарарындағы 2076 Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің қаулысына сәйкес қосылды. Қамаудағылармен қарым-қатынас бойынша Минималды стандартты ережелерінің толық мәтіні Адам құқықтары құжаттарында жазылған: Халықаралық келісім шарттардың жинағы).

Босату туралы мәселені (10.2 қағидасы) шұғыл түрде төреші немесе басқа құзыретті лауазымдық тұлға қарастырады. Лауазымдық тұлғаға кез-келген тұлға немесе өзінің кең мағынасындағы мекеме, атап айтқанда қамаудағыны босатуға құзыретті қауым немесе полиция билігі жатады. (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт, 9.3 Бабын қараңыз).

10.3 қағидасы кәмелетке толмағандардың қылмыстық ісінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін полиция немесе басқа да лауазымдық тұлғаның жүргізетін негізгі процедуралары мен тәртібі туралы негізгі аспектілерді қозғайды. "Зардап келтірудің алдын алу" түсінігі барынша жан-жақты тұжырымдама болып табылады, сондықтан ықтимал әрекеттердің көптеген қырын қамтиды (мысалға, қаратпа сөздердің дәрекі түрлерін, физикалық күштеу, айналадағыларды кінәлау жатады). Кәмелетке толмағандарға қатысты іске қатысудың өзі – кәмелетке толмағандарға "зардап келтіруі" мүмкін, сондықтан "зардап келтірудің алдын алу" тіркесін кәмелетке толмаған құқық бұзушыға барынша аз зардап тигізу, немесе қосымша, артық зардап тигізбеу ретінде түсінген жөн. Бұл мәселе әсіресе құқық қорғау органдарымен байланысқа түсудің бастапқы кезеңінде маңызды, себебі олар кәмелетке толмаған құқық бұзушының мемлекетке және қоғамға деген көзқарасына мейлінше үлкен әсерін тигізуі мүмкін. Сондай-ақ, бұдан әрі орын алуы ықтимал араласулардың нәтижелі болуы көбіне осы бастапқы байланыс құруға байланысты болады. Осы ретте, жанашырлық пен жұмсақ, бірақ талапшыл әдіс аса маңызды мәнге ие.

## 11. Істі тоқтату

11.1. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар туралы істі қарағанда, төменде 14.1 қағидасында көрсетілген құзыретті органдардың істі ресми қарастырмағаны жөн.

11.2. Полиция, прокуратура немесе кәмелетке толмаған құқық бұзушылар ісін қараушы басқа органдар өзінің қарауымен, алдын ала ресми тыңдалым өткізбестен, осы мақсаттарға арналған тиісті құқықтық жүйе бекіткен белгілемелер бойынша, сондай-ақ осы Ережелердегі принциптер бойынша шешімдерді қабылдауға өкілеттенген болуы тиіс.

11.3. Істі тоқтатудың кез-келген түрі, оны тиісті ұйымдар мен қызметтерге тапсыруға қатысты мәселелер оларды қарау арыздың негізінде құзырлы органдарға тиесілі болған жағдайда, кәмелетке толмаған құқық бұзушының немесе оның ата-анасының, қамқоршысының келісімін қажет етеді.

11.4. Кәмелетке толмаған құқық бұзушы ісін қарастырудың дискрециялық сипатын қамтамасыз ету мақсатында, ұйым ішінде уақытша бақылау және жәбірленушілерге арналған нұсқаулық, реституция, өтемақы бағдарламаларын қайта қарау керек.

## **Түсініктеме**

Істі тоқтату, оның ішінде оны қылмыстық іс жүргізуден алып тастау және жиі орын алатын қосымша қызметтерге тапсыру тәжірибесі көптеген құқықтық жүйелерде ресми және бейресми негізде қолданылып жүр. Бұл тәжірибе кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың ісіне сот төрелігін орындауға қатысты теріс салдарларды шектеуге мүмкіндік береді (мысалға сотталғандығы мен жазасы туралы дақпырт). Көптеген жағдайларда іске құзырлы ұйымдардың араласпаса, ең жақсы нәтижеге жетуге болады. Осылайша, істі басынан балама (әлеуметтік) қызметтерге тапсырмастан тоқтату оң нәтижелерге әкеледі. Бұл әсіресе, ауыр құқықтық бұзушылықтарға байланысты емес және отбасы, мектеп, немесе басқа институттар тиісті ықпалшараларды қолдануға ниетті істерге қатысты.

11.2 қағидасында көрсетілгендей, істі тоқтату шешім қабылдаудың кез-келген кезеңінде прокуратураның, немесе басқа мекемелердің, мысалға сот, әскери сот, кеңестер немесе комиссиялардың тарапынан жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл әрекет бір, бірнеше немесе барлық ұйым тарапынан тиісті жүйелердің ережелері мен саясатына және Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Істі тоқтату ұсақ істермен шектеліп қалмау керек, сондықтан бұл маңызды құрал болып табылады.

11.3 қағидасында кәмелетке толмаған құқық бұзушының ұсынбалы үлгіде толтырылған келісімінің маңыздылығы баса көрсетілген (ата-анасының, қамқоршысының келісімі). (Мұндай келісімсіз істі басқа ұйымдарға тапсыру арқылы тоқтату Еріксіз еңбекті жою Конвенциясына қайшы келер еді). (Халықаралық еңбек ұйымының Бас конференциясының қырықыншы сессиясында 1957 жылы 25 маусымда қабылданған № 105 Конвенция, Конвенция мәтініне қатысты 67 сілтемені қараңыз).

Алайда, мұндай келісім талассыз нәрсе ретінде қабылданбауы керек, себебі кейде кәмелетке толмаған құқық бұзушының торығу сезіміне байланысты берілген болуы мүмкін. Ережелерде істі тоқтатудың барлық кезеңінде күштеу және қорқыту тәсілдерін барынша болдырмау керектігі баса айтылған. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар өздеріне қысым көрсетіліп жатыр деп (сот процесін болдырмау үшін) немесе істі тоқтату келісімін алу мақсатында қысымға түсіп жатырмын деп санамау керек. Сондықтан, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты "арыз негізінде құзырлы орган" ("құзырлы орган" ретінде 14 қағидада көрсетілгеннен басқа тұлға бола алады) шығаратын шешімнің орындылығының әділ бағасы туралы ережені әзірлеу ұсынылады.

11.4 қағидасында кәмелетке толмаған құқық бұзушының ісін ұйымға тапсыру арқылы тоқтатуға балама әдістер ұсынылады. Әсіресе, жәбірленушіге реституция ұсыну және заңды бұзуды тоқтату мақсатындағы уақытша бақылау мен жетекшілік ету шараларын қолдану бағдарламалары айрықша ұсынылады. Нақты жағдайларды ескергенде, істің тоқтатылуы бұдан да ауыр құқық бұзушылық жасалғанда жүзеге асырылғаны орынды болар еді (мысалға, жолдастарының ықпалында жасалған алғашқы құқық бұзушылық және т.б.).

## **12. Полицияның мамандануы**

12.1. Өздерінің қызметтерін барынша жақсы орындауы үшін кәмелетке толмаған құқық бұзушылар ісімен айналысатын полиция қызметкерлері немесе кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың қылмыстарын алдын алумен айналысатын полиция қызметкерлері арнайы нұсқаулықтан және әзірліктен өтуі тиіс. Осы мақсатта, ірі қалаларда арнайы полиция бөлімшелері ашылуы керек.

## **Түсініктеме**

12 қағидада кәмелетке толмаған құқық бұзушылар ісіне сот төрелігі орындайтын құқық қорғау лауазымдық тұлғаларының арнайы әзірліктен өтуіне баса мән беріледі. Полиция кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен алғашқы қатынас құратын нысан болғандықтан, олардың білікті және тиісінше әрекет еткені аса маңызды.

Қалалар мен қылмыстылықтың арасындағы байланыс сөзсіз күрделі болса да, ірі қалалардың қарқынды және жоспарсыз көбеюі мен кәмелетке толмағандардың қылмыстылық деңгейінің өсуі байланыста қаралады. Сондықтан, полицияның маманданған бөлімшелері осы құжатта көрсетілген (мысалға, 1.6 қағида) нақты принциптерді ұстанудағы негізгі нысан ғана емес, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының артуымен күрес бойынша, кәмелетке толмаған құқық бұзушымен қарым-қатынасты жақсарту бойынша маңызды нысан болып саналады.

## 13. Сотқа дейінгі абақтыда ұстау

13.1. Сотқа дейінгі абақтыда ұстау тек қана ең қысқа мерзімдегі төтенше шара ретінде жүзеге асырылады.

13.2. Сотқа дейінгі абақтыда ұстау тәсілі басқа балама тәсілдермен алмастырылады, мысалға тұрақты бақылау, белсенді тәрбиелік жұмыс немесе тәрбиелеуші отбасыға немесе мекемеге немесе үйге орналастыру.

13.3. Сотқа дейінгі абақтыда ұсталған кәмелетке толмағандар Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Қамаудағылармен қарым-қатынас Минималды стандартты ережелері беретін құқықтар мен кепілдіктерге ие.

13.4. Сотқа дейінгі абақтыда ұсталған кәмелетке толмағандар ересектерден бөлек отырғызылуы керек, және ересектер қамалатын басқа да арнайы мекемелерде ұсталуы керек.

13.5. Абақтыда орналасқан кезінде кәмелетке толмағандарға күтім, қорғаныш және басқа да қажетті жеке әлеуметтік, психологиялық, медициналық, физикалық көмектер берілуі тиіс, сондай-ақ олардың жас ерекшелігіне, жынысына және тұлғалық ерекшелігіне қарай қажет болатын білім және кәсіби әзірлік саласындағы көмектер берілуі керек.

### Түсініктеме

Сотқа дейінгі абақтыда ұсталған кәмелетке толмағандарға болатын "қылмыстық ықпалға" жеңіл қарамау керек. Сондықтан, балама тәсілдерді қолдану қажеттілігін атап өту керек. Осыған байланысты, 13.1 қағидасында кәмелетке толмағандардың игілігі үшін оларды сотқа дейін абақтыда ұстауға балама жаңа әдістер мен жаңашыл тәсілдерді әзірлеу жөн көріледі.

Абақтыда қамаулы кәмелетке толмағандарға Қамаудағылармен қарым-қатынас Минималды стандартты ережелерінде, сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық шарттың 9 бабында және 10 баптың 2.b және 3 тармағында қарастырылған барлық құқықтар мен кепілдіктер берілуі керек.

13.4 қағидасы мемлекеттерге ересек құқық бұзушылардың теріс ықпалына қарсы осы ережеден басқа да нәтижелі шараларды қолданудан тыймайды.

Осы қағидада жазылған қажет болатын көмектер абақтыда отырған жасөспірімдердің өзгеше қажеттіліктеріне (мысалға, наркоман бозбала немесе бойжеткен, ішкіш, ақыл есі кем, қамауға байланысты психологиялық зақым алғандар) назар аудару үшін тізбеленген.

Абақтыдағы жасөспірім құқық бұзушының әртүрлі физикалық және психологиялық ерекшеліктері оларға зардап келтіруден алдын алу мақсатында және оларға қажетті

көмек беру мақсатында, бөлек отырғызуға негіз болатын шараларды жіктеуге мүмкіндік береді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыстың алдын алу және қамаудағылармен қарым-қатынас бойынша Алтыншы Конгресі өзінің кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындау стандарттарына қатысты шығарған 4 қарарында – Ережелердің абақтыда ұстау тек төтенше жағдайларда орындалуы керектігі туралы, кәмелетке толмағандарды ересектер тарапынан зиянды ықпалға түспес үшін мұндай мекемелерде отырғызуға болмайтыны туралы және кәмелетке толмағандардың даму ерекшелігіне қарай олардың қажеттілігін үнемі ескеру керектігі туралы принципті сипаттауға тиіс екендігін атап айтады.

## **Үшінші бөлім**

### **Сот шешімін шығару және ықпал жасау шараларын таңдау**

#### **14. Сот үкімін шығаратын құзыретті орган**

14.1. Егер кәмелетке толмаған құқық бұзушының ісі тоқтатылмаған болса (11 қағидаға сәйкес), онда онымен әділ және бейтарап сот принциптері бойынша биліктің құзыретті органы айналысады (сот, әскери сот, комиссия және т.б.).

14.2. Істің сотта қаралуы кәмелетке толмағанның мүдделеріне сай болуы керек және кәмелетке толмағанның өз ойын анық жеткізуіне мүмкіндік жасау үшін түсіністік жағдайында жүргізілуі тиіс.

## **Түсініктеме**

Сот үкімін шығаратын құзыретті органға немесе тұлғаға қызметі жан-жақты сипатталған белгілі анықтама беру қиындық тудырады. Құзыретті органға сотты басқарып отырған немесе әскери сотты басқарып отырған тұлғалар (бір немесе бірнеше төреші) жатады. Оларға сот мамандары және заңгер емес тұлғалар, сондай-ақ әкімшілік комиссиялар (мысалға, шотландық және скандинавиялық жүйелердегі) немесе басқа да бейресми ұйымдар мен дауларды шешумен айналысатын сот сипатындағы мекемелер жатады.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен қарым-қатынас процедурасы қандай жағдайда да барлық жердегі айыптыларға қатысты қолданылатын "тиісті заң процедурасы" деп аталатын минималды стандарттарға сай орындалуы керек. Тиісті процедураға орай, "әділ, бейтарап сот" түсінігі кінәсіздік презумпциясы, айғақтарды ұсыну және тексеру, жалпы құқықтық қорғау, түсініктеме беруден бас тарту құқығы, істі тыңдау кезінде қорытынды сөз сөйлеу құқығы, апелляция құқығы және т.б. сияқты негізгі кепілдіктерді қамтиды. (Осымен қатар, 7.1 қағидасын қараңыз)

#### **15. Қорғаушы, ата-ана және қамқоршылар**

15.1. Сот ісінің қаралуы кезінде кәмелетке толмаған құқық бұзушы қорғаушы жалдауға немесе егер сол мемлекеттің заңнамасында қарастырылған болса, тегін құқықтық көмекке жүгінуге құқылы.

15.2. Ата-аналар немесе қамқоршысы сот ісіне қатысуға құқылы және құзыретті орган кәмелетке толмаған құқық бұзушының мүддесі үшін олардың қатысуын талап етуі мүмкін. Алайда, құзыретті орган кәмелетке толмаған құқық бұзушының мүддесі үшін оларды қатыстырмауға да құқылы.

## **Түсініктеме**

15.1 қағидасында Қамаудағылармен қарым-қатынас Минималды стандартты ережелердің 93 қағидасына ұқсас терминология қолданылады. Егер қорғаушы мен тегін құқықтық көмек туралы ереже кәмелетке толмаған құқық бұзушыны құқықтық көмекпен қамтамасыз етуге қажет болса, ата-аналардың немесе қамқоршының сот ісіне қатысуы 15.1 қағидада көрсетілгендей, сот ісінің барысында орындалуы тиіс функция - кәмелетке толмаған құқық бұзушыға психологиялық және эмоциялық қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылады.

Істі тиісінше қарауға ұмтылатын құзыретті органдарға кәмелетке толмаған құқық бұзушының заңды өкілдерімен ынтымақтаса әрекет еткен пайдалы болар еді (немесе кәмелетке толмаған құқық бұзушы сенім танытатын немесе толықтай сенетін көмекшісімен әрекет ету). Ата-анасының немесе қамқоршысының кәмелетке толмаған құқық бұзушымен қарым-қатынасы қырыққабак болған жағдайда, онда олардың кері ықпалын болдырмау мақсатында, осы қағиданың күші жүрмейді; сондықтан ата-аналарға сот ісіне қатысуға рұқсат беру мәселесі қайта қаралуы тиіс.

## **16. Әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары туралы баяндама**

16.1. Ұсақ құқық бұзушылықтан өзге барлық жағдайларда, құзыретті орган түпкілікті үкімін шығарғанға дейін, кәмелетке толмаған құқық бұзушының айналасын, ол өмір сүріп жатқан шарттарды, немесе құқық бұзушылық жасалған уақыттағы шарттарды іс бойынша орынды шешім шығаруға ықпалдасу үшін толықтай зерттеу керек.

## **Түсініктеме**

Әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары туралы баяндамалар (үкім шығарылғанға дейінгі әлеуметтік зерттеу қорытындылары немесе баяндамалар) кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың істерін сотта қарау кезінде көп жағдайларда таптырмас көмек болады. Құзыретті органдар кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты тиісті деректерден, мысалға әлеуметтік және отбасылық жағдайы туралы,

оның мектептегі оқуы мен тәрбиесі туралы хабардар болуы тиіс. Для этой цели в некоторых судебных системах используются специальные социальные службы или сотрудники, выполняющие эти функции для судов или комиссий. Осы мақсатта, кейбір сот жүйелерінде арнайы әлеуметтік қызметтер немесе қызметкерлердың көмегі пайдаланылады. Бұл функцияларды басқа да қызметкерлер орындай алады, оның ішінде пробация жүйесінің лауазымдық тұлғалары да орындай алады. Сондықтан, осы қағидада әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары жайында саралы баяндамалар дайындау үшін тиісті әлеуметтік қызметтердің қажеттілігі атап көрсетілген.

## **17. Сот шешімін шығаруда басшылыққа алынатын принциптер және ықпалшара түрін тағайындау**

17.1. Ықпалшара түрін тағайындауда құзыретті орган төмендегі принциптерді басшылыққа алуы керек:

a) ықпалшаралар құқық бұзушылықтың шарттарымен, оның ауырлығымен ғана емес, сонымен қатар кәмелетке толмаған құқық бұзушының жағдайымен, мұқтаждарымен және қоғамның мүдделерімен байланыста тағайындалуы керек;

b) кәмелетке толмаған құқық бұзушының жеке бостандығын шектеу туралы шешім мәселені мұқият қарастырғаннан соң ғана қабылдануы керек және ондай шектеулер барынша қолданылмағаны жөн;

c) кәмелетке толмаған құқық бұзушыны басқа тұлғаға зорлық жасап немесе бірнеше мәрте ауыр құқық бұзушылық жасаған болмаса және басқа ықпалшара түрі табылмаған болмаса, жеке бостандығынан айырмаған дұрыс;

d) кәмелетке толмаған құқық бұзушының ісін қарау кезінде оның игілігі негізгі фактор ретінде алыну керек.

17.2. Кәмелетке толмаған құқық бұзушы жасаған ешқандай құқық бұзушылық үшін өлім жазасы кесілмейді.

17.3. Кәмелетке толмағандар дене жазалауларына ұшырамайды.

17.4. Биліктің құзыретті органы кез-келген уақытта сот ісін қарауды тоқтата алады.

## **Түсініктеме**

Жасөспірімдерге қатысты сот үкімін шығаруға арналған принциптерді жасау кезінде басты қиындық төмендегі тізбеленген философиялық сипаттағы қайшылықтың себебінен туады:

a) перевоспитанием и воздаянием по заслугам; қайта тәрбиелеу және тиісінше жазасын беру арасындағы қайшылық;

b) жәрдем беру мен жазалаудың арасындағы қайшылық;

c) нақты істің төтенше жағдайларын ескере отырып ықпал ету шарасын жасау және жалпы қоғамның мүддесі үшін ықпал ету шарасын жасау арасындағы қайшылық;

d) жалпы ескерту мен жеке басын жазалау арасындағы қайшылық.

Осы амалдардың арасындағы қайшылық кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты анық көрінеді. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар ісін ерекшелендіретін себептер мен салдарлардың алуан түрлілігіне байланысты, жоғарыдағы аталғандардың арасында күрделі байланыс орын алады.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігін орындаудың минималды стандартты ережелері аталмыш амалдардың біреуін қолдануды белгілемейді, керісінше халықаралық қабылданған принциптерге жауап беретін амалға нұсқайды. Сондықтан, 17.1 қағидасында баяндалған негізгі ережелер, әсіресе а және с тармақшаларындағы қағидаларды негізгі басым принциптер ретінде қабылдаған жөн; оларды тиісті органдар ескерген кезде (5 қағиданы қараңыз), олар кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың негізгі құқықтарын, айрықша тұлғалық дамуы мен білім алуына қатысты құқықтарын қорғауға ықпал етер еді.

17.1 қағидасының b тармақшасында жазалау әдісінің қабылданбайтыны көрсетілген. Егер ересектер ісінде және кәмелетке толмаған құқық бұзушының ауыр құқық бұзушылық ісінде тиісінше жазалау мен жазалау ықпалшарасы негізді болып табылса, онда кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың ісінде бұл шараларды орындау кезінде олардың игілігі мен келешегі басты мүдде болып табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының алтыншы Конгресінің 8 қарарына сәйкес, 17.1 қағидасының b тармақшасы жастардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандырумен бірге қамауға балама шараларды орындауға барынша ықпал етеді. Сондықтан, қолданыстағы шаралардың барлық өресін толықтай орындау керек және қоғамның қауіпсіздігін талаптарын ескере отырып жаңа балама шараларды жасақтау керек. Пробация жүйесі шартты үкімдерді шығару, уақытты шегеру, кеңес қаулыларын орындау және басқа да шешімдер арқылы барынша кең қолданылуы керек.

17.1 қағидасының тармақшасы алтыншы Конгресстің 4 қарарының кәмелетке толмаған құқық бұзушыны қоғамның қауіпсіздігін қорғаудың басқа жолы қалмаған жағдайда түрмеге қамаудан алдын алуға байланысты негізгі принциптеріне жауап береді.

17.2 қағидасындағы өлім жазасына кесуді тоқтату туралы ереже Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық шарттың 6.5 бабына сәйкеседі.

Дене жазалауларына шек қою туралы ереже Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық шарттың 7 бабына және Бүткіл адамзатты күштеуден және қатал, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты таптайтын қарым-қатынас пен жазалаулардан тыю Конвенциясына және Бала құқығы туралы Конвенцияға сәйкеседі.

Сот от ісін кез-келген уақытта тоқтату құқығы (17.4) кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен қарым-қатынас тәжірибесін ересектермен қарым-қатынас тәжірибесінен



ажырататын белгі болып табылады. Құзыретті орган іс бойынша ең игі шешімді қабылдауына себеп болатын жағдайлар туралы кез-келген уақытта хабардар бала алады.

## 18. Ықпал етудің түрлі әдістері

18.1. Ыңғайлылық үшін және түзеу мекемелеріне қамаудан алдын алу үшін құзыретті орган ықпалдасу шараларының кең ауқымына құқылы болуы тиіс:

- a) қамқорлық туралы, жетекшілік туралы, бақылау туралы қаулылар шығару;
- b) пробация;
- c) белгілі бір ұйымға жұмысқа тұрғызу туралы қаулылар шығару;
- d) қаржылық сипаттағы жазалар, өтемақылар және реституция тағайындау;
- e) уақытша және басқа да шараларды қабылдау туралы қаулылар;
- f) топтық психикалық емдеуге және осы іспеттес шараларға қатысу туралы қаулылар;
- g) тәрбиеге беру, тұрғылықты мекен-жайы немесе басқа тәрбиелік шараларына қатысты қаулылар;
- h) басқа да тиісті қаулылар.

18.2. Ешбір кәметке толмаған құқық бұзушы оның жағдайларына немесе оның ісіне қатысты негізсіз себептер бойынша жартылай немесе толықтай ата-ана бақылауынан босатылмайды.

## Түсініктеме

18.2 қағидасында әртүрлі құқықтық жүйелерде нәтижелі қолданылып жүрген кейбір маңызды шаралар мен ықпалшараларын тізбелейді. Жалпы алғанда, олардың келешегі бар және қолданысқа, сондай-ақ әрі қарай дамытуға тұрарлық. Осы қағидада қызметкерлерге қатысты қандай да бір талаптар аталмайды, себебі кейбір аймақтарда ондай қызметкерлердің болмауы да мүмкін; аталмыш аймақтарда қызметкерлердің аз мөлшерін қажет ететін шараларды әзірлеуге және қолдануға болады.

18.1 қағидаларында көрсетілген мысалдар үшін ұйымдарға сүйену балама шешімдерді жүзеге асыруға қажетті құрал ретінде көрсетілген. Ұйымдарды тарта отырып, қайта тәрбиелеу өзіне көптеген аспектілерді қамтитын дәстүрлі шараны білдіреді. Осыған байланысты, тиісті билік органдары ұйымдардың қызметтерін ынталандырғаны жөн болады.

18.2 қағидасында отбасының маңыздылығына мән беріледі, себебі отбасы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық шарттың 10.1 бабына сәйкес, "қоғамның кәнігі және негізгі ұясы" болып табылады. Отбасындағы ата-аналар өз балаларына күтім жасауға және бақылауына құқылы болып қана қоймай, сондай-ақ осыларды жүзеге асыруға міндетті болып табылады. Сондықтан да, 18.2

қағидасына орай, балалары мен ата-аналарының айырылуы төтенше шара болып табылады. Бұл шараны жүзеге асыру – істің дерегі осы шараны жасауға мәжбүр қылған жағдайда ғана рұқсат етіледі (мысалға, ата-аналардың балаларға мейірімсіз қарым-қатынасы кезінде).

## **19. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыны түзеу мекемелеріне қамауды қарастыратын минималды шаралардың қолданылуы**

19.1. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыны қандай да бір түзеу мекемесіне орналастыру – өте аз уақытқа ғана созылатын төтенше шара болып табылуы тиіс.

### **Түсініктеме**

Ілгерінді криминология бойынша кәмелетке толмаған құқық бұзушыны түзеу мекемесіне орналастыруды талап етпейтін шараларды қолдануды жөн көреді. Түзеу мекемелерінде кәмелетке толмаған құқық бұзушыны ұстау мен осы шараны қолданбау әдісінің беретін нәтижелерінің арасында айырмашылықтың шамалы екендігі анықталған. Тұлғаны түзеу мекемелеріне орналастырудан болатын көптеген жағымсыз салдарлар әлбетте түзеу жұмыстары арқылы өтелмейтіні айдан анық. Бұл әсіресе кері ықпалға түскен кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты әділ шешім болып табылады. Бұдан өзге де, кәмелетке толмаған құқық бұзушының еркіндіктен айырумен және қоғамнан оқшаулаудың себебінен болатын теріс нәтижелер кәмелетке толмаған құқық бұзушыға ересек адамға тигізетін кері әсерден де жоғары болады, себебі бұл кәмелетке толмаған құқық бұзушының бастапқы даму кезінде орын алып отыр.

19 қағиданың негізгі міндеті мына екі қатынасқа байланысты түзеу мекемелерінде ұстауды тыю болып табылады: мөлшерлік қатынас ("төтенше шара") және уақыттық қатынас ("минималды мерзім"). 19 қағидада Біріккен Ұлттар Ұйымының алтыншы Конгресінде қабылданған 4 қарарындағы негізі басым принциптердің бірі аталған: кәмелетке толмаған құқық бұзушы басқа тиісті шаралар қалмаған болмаса, түрмеге қамалмауы тиіс. Сондықтан, осы қағидада кәмелетке толмаған құқық бұзушы түзеу мекемесіне отырғызылуға мәжбүр болған жағдайда, оның бас бостандығын шектеу барынша аз мерзімге тағайындалуы керек және бұл ретте кәмелетке толмаған құқық бұзушыны ұстау бойынша арнайы ұйымдастырушылық шаралар жүргізілуі тиіс және құқық бұзушылықтың түрлері мен мекемелер ескерілуі тиіс. Негізінде, "жабық" мекемелерге қарағанда "ашық" мекемелерге басымдық берілуі тиіс. Сондай-ақ, барлық мекемелер түрме түріндегі емес, түзеу немесе білім беру түрінде болуы керек.

## **20. Орынсыз кідірістерді болдырмау**

20.1. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыға қатысты кез-келген іс басынан бастап жедел орындалуы тиіс және ешқандай орынсыз кідірістер болмауы тиіс.

## **Түсініктеме**

Кәмелетке толмаған құқық бұзушы ісі бойынша ресми іс жүргізуді жедел жүзеге асыру негізгі міндет болып табылады. Олай болмаған жағдайда, істі қарау кезіндегі және шешім шығару кезіндегі барлық жеткен жетістіктер жоққа шығу қаупіне ұшырауы мүмкін. Уақыт өте келе, кәмелетке толмаған құқық бұзушыға ауыр болуы мүмкін, кейде тіпті сот ісін қарастыру процедурасы мен шешім шығаруды логикалық түрде де, психологиялық түрде де жүзеге асыру мүмкін болмау қалуы ықтимал.

## **21. Хаттамалар**

21.1. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар ісінің материалдары қатаң құпиялықпен сақталуы тиіс және үшінші тұлғаларға берілмеуі керек. Мұндай материалдарға қолжетімділік тек қана аталмыш істі қарауға қатысқан тұлғалар санымен шектелуі тиіс, немесе тиісті өкілеттігі бар тұлғаларға қатысты болуы тиіс.

21.2. Кәмелетке толмаған құқық бұзушы ісінің материалдары ұқсас құқық бұзушылықты жасаған ересек құқық бұзушылардың істерін қарауда қолданылмауы керек.

## **Түсініктеме**

Осы қағидада хаттамалар мен істің материалдары бойынша орын алатын мүдделер қайшылығының арасында тепе-теңдікті ұстап тұруға талпыныс жасалады. Дәлірек айтқанда, полиция органының, прокуратураның және басқа да ұйымдардың кәмелетке толмаған құқық бұзушыға бақылау жүргізу және оның игілігі үшін қызмет ету мақсатында орын алатын мүдделер қайшылығы (осымен қатар, 8 қағиданы қараңыз). "Тиісті өкілеттігі бар басқа да тұлғалар" тіркесі қосымша тұлғалармен бірге көбіне-көп тергеушілерді қамтиды.

## **22. Кәсіпқойлық пен кәсіби дайындықтың қажеттілігі**

22.1. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың істерімен айналысатын барлық қызметкерлердің қажетті кәсіпқой біліктілігін қамтамасыз ету үшін және сол деңгейді ұстап тұру үшін кәсіпқой дайындықты, жұмыс кезіндегі оқуларды, қайта даярлану курстарын және өзге де тиісті оқу әдістерін қолданған абзал.

22.2. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың ісімен айналысатын құқық қорғау қызметкерлері кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың әртүрлі категорияларын ескере отырып жұмысқа қабылдануы керек. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар

ісімен айналысатын сот төрелігі органдарында әйел баласы мен ұлттық азшылық өкілдеріне әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге күш салған жөн.

## **Түсініктеме**

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты құзыреті бар тұлғалардың біліктілігі әртүрлі болуы мүмкін (мысалға, Ұлыбритания Біріккен Корольдігіндегі және Солтүстік Ирландиядағы магистрлер, сондай-ақ жалпы құқықтық жүйесі бар аумақтардағы магистрлер; римдік құқық тәжірибесін қолданатын елдерде білім алған төрешілер, және римдік құқықтың билігі жүрмейтін елдерде білім алған сот-төрешілері ; кәсіпқой-заңгер болып табылмайтын таңдаулы немесе тағайындалған тұлғалар, немесе басқа мемлекеттердегі заңгерлер, қауымдық кеңестердің мүшелері және т.б.). Аталмыш осы тұлғалардың барлығы да құқық саласында, әлеуметтану, психология, криминология және мінез-құлық туралы ғылымдар саласында минималды әзірлігі болуы тиіс. Бұл талаптың маңыздылығы ұйымдық мамандандырылу мен құзіретті органның тәуелсіздігі маңыздылығымен теңбе тең.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушы әлеуметтік сала қызметкерлерінен және пробация жүйесінің лауазымдық тұлғаларынан оларға істі тапсыру үшін қажетті шарт ретінде кәсіпқой мамандылықты талап ету талас тудырады. Сондықтан, олардың жұмысы кезіндегі кәсіпқой нұсқаунама беру ең қажетті біліктілік болып табылады.

Кәсіпқой біліктілік кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігін бейтарап және нәтижелі орындауға қажетті негізгі элемент болып табылады. Сондықтан, қызметкерлердің жинағын, алға жылжуын және кәсіпқой дайындығын күшейту керек және өз қызметтерін орындауға мүмкіндік беретін қажетті құралдармен қамтамасыз ету керек.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты әділ және бейтарап сот төрелігін орындау мақсатында, олардың ісімен айналысатын қызметкерлерді таңдау, тағайындау және алға жылжыту кезінде саяси, әлеуметтік, жыныстық, нәсілдік, діни, мәдени немесе басқа да кез-келген алалаушылықтан аулақ болған дұрыс. Алтыншы Конгрестің ұсынысы осындай болды. Бұдан басқа, алтыншы Конгрес мүше мемлекеттерді қылмыстық сот төрелігінің жүйесінде қызмет ететін әйел-қызметкерлерге әділетті және тең құқылы қарым-қатынаспен қамтамасыз етуге шақырады және кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігіне әйел-қызметкерлерді жұмысқа алу, дайындау және олардың алға жылжуы үшін ықпалдасу мақсатында шаралар орындауға үндейді.

## **Төртінші бөлім**

**Құқық бұзушылармен түзеу мекемелерінен тыс жағдайдағы қарым-қатынас**

### **23. Шешімді нәтижелі орындау**

23.1. Құзыретті органның қаулыларын орындау туралы жоғарыдағы 14.1 қағидасындағы ережелерді сол органға немесе жағдайларға байланысты басқа да органдарға ескеру қажет.

23.2. Мұндай ережелер құзыретті органдардың қаулыларға ұдайы, қажетінше өзгертулер енгізу құқығын қоса беруі керек, алайда мұндай өзгертулердің сипаты осы Ережелерде бар принциптермен сәйкесуі қажет.

## **Түсініктеме**

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар ісі бойынша шешімдер ересектерге қарағанда кәмелетке толмаған құқық бұзушының өміріне ұзақ уақыт бойына үлкен әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан, шешімнің орындалуын құзыретті органның немесе тәуелсіз орган тарапынан бақылау аса зор мәнге ие (кепілгерлік істері бойынша комиссиялар, пробация жүйесінің қызметтері, жастардың әлеуметтік қамтамасыз етілуіне жауап беретін мекемелер т.б.). Сондықтан, шешімнің орындалуын құзыреттілігі істі қабылдаған органның құзыреттілігімен тең болатын құзыретті орган немесе тәуелсіз орган тарапынан (кепілгерлік ісі бойынша комиссия, пробация жүйесінің қызметі, жастарды әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері т.б.) бақылау маңызды болып табылады. Осы мақсатта, кейбір елдерде *juge de 1' execution des peines* лауазымы тағайындалған.

Осы органның құрамы, құзыреті және қызметі оңтайлы болуы тиіс; 23 қағидасында ауқымды қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында, олардың жалпы сипаттамасы берілген.

## **24. Қажетті көмекті жеткізу**

24.1. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға сот ісінің барлық кезеңінде қажетті көмек беруді қамтамасыз ету керек, мысалға алғанда, тұрғын үймен қамту, білім алуға немесе кәсіби дайындықтан өтуге, жұмысқа тұруға немесе басқа да қажет болатын көмектер беруге күш салу керек.

## **Түсініктеме**

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың игілігі аса маңызды болып табылады. Сондықтан, 24 қағидасында қажетті жағдай жасаудың және қызметтерді ұсынудың және кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың тәрбиесі процесіндегі рөл атқаратын мүдделерін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті көмектерді ұсынудың маңыздылығы көрсетілген.

## **25. Ерікті жанашырларды және басқа да ұйымдық қызметтерді жұмылдыру**

25.1. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың ұйым аясында, және мүмкіндігінше отбасы аясында тәрбиесіне айтулы үлес енгізуі ерікті жанашырларды, ерікті жанашыр ұйымдарды, жергілікті мекемелерді және басқа да ұйымдық қызметтерді үшін жұмылдыру керек.

## **Түсініктеме**

Бұл қағида кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен барлық жұмыстардың қайта тәрбиелеуге бағытталуының қажеттілігі көрсетілген. Құзыретті органдардың нұсқауларын нәтижелі орындау мақсатында, ұйымдармен ынтымақтастық аса маңызды. Айрықша, ерікті жанашырлар мен ерікті жанашыр қызметтер айтарлықтай құнды қызмет атқарады, алайда қазіргі уақытта олардың мүмкіндіктері толықтай пайдаланылмауда. Кейбір жағдайларда, бұрынғы құқық бұзушылар ересен қызмет атқарады (айрықша бұрынғы наркокомандар).

25 қағида 1.1-1.6 қағидаларындағы баяндалған принциптердің негізінде және Азаматтық және саяси құқықтардың Халықаралық шартының тиісті ережелеріне сай құрылған.

## **Бесінші бөлім**

### **Түзеу мекемелеріндегі құқық бұзушылармен қарым-қатынас**

#### **26. Түзеу мекемелеріндегі құқық бұзушылармен қарым-қатынас құрудың мақсаттары**

26.1. Түзеу мекемелеріндегі кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен тәрбиелік жұмыстардың мақсаты олардың әлеуметтік-пайдалы және жемісті рөлін атқару мақсатында, қамқорлықпен, қорғанышпен, біліммен және кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету болып табылады.

26.2. Түзеу мекемелеріндегі кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға күтім, қорғаныш және басқа да қажетті көмекті олардың жас ерекшеліктерін, жыныстық және тұлғалық ерекшеліктерін және олардың толыққанды дамуына керекті мүдделерді ескере отырып, қамтамасыз ету керек, айрықша әлеуметтік, психологиялық, медициналық, физикалық, сондай-ақ білім беру және кәсіби дайындық саласындағы қажет болуы мүмкін жәрдемдерді беру керек.

26.3. Түзеу мекемелеріндегі кәмелетке толмаған құқық бұзушылар сол түзеу мекемелеріндегі отырған ересектерден бөлек немесе арнайы түзеу мекемелерінде немесе түзеу мекемесінің арнайы бөлімшелерінде орналастырылуы керек.

26.4. Следует обеспечить справедливое обращение с ними. Түзеу мекемесіне орналастырылған жас құқық бұзушы әйел балаларға олардың жеке мұқтаждары мен қажеттіліктеріне орай айрықша назар аударылуы керек. Оларға да жас еркек құқық

бұзушыларға жасалғандай күтім, қорғаныш, қарым-қатынас, кәсіби дайындық берілуі тиіс.

26.5. Түзеу мекемелеріне орналасқан кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың игілігі мақсатында олардың ата-аналары мен қамқоршылары да олардың хал-жағдайын білуге барып тұру құқығына ие болуы тиіс.

26.6. Түзеу мекемелерінде отырған кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды тиісті академиялық немесе бар мүмкіндігінше кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету мақсатында, отырған кәмелетке толмаған құқық бұзушылар босап шыққаннан кейін толыққанды білімі болуы үшін Министрліктер аралық және ведомство аралық ынтымақтастықтарды барынша ынталандыру керек.

## **Түсініктеме**

Түзеу мекемелерінде отырған кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен 26.1 және 26.2 қағидаларында анықталғандай қарым-қатынас жасау кез-келген жүйе мен мәдениет үшін қабылдануы тиіс. Алайда, егер осы мақсаттарға жер-жерде қол жеткізілген болса, онда осымен байланысты бұдан да үлкен жұмыстар атқарылуы тиіс.

Атап айтқанда, медициналық және психологиялық көмек беру наркомандардың түзеу мекемелері үшін, агрессиялы және психикалық науқастар үшін ерекше маңызды болып табылады.

Ересек құқық бұзушылардың кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға ықпал етуін барынша тыю керек және алтыншы Конгрестің 4 қарарында бар осы Ережелердің негізгі басым принциптерінің біріне сәйкес келетін 26.3 қағидасында қарастырылғандай, кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың игілікті өмірін мейлінше қорғау керек. Бұл қағида мүше мемлекеттерді ересек құқық бұзушылардың кері ықпалына қарсы қолданылатын өзге де осы қағидаларда көрсетілген шаралардай нәтижелі шараларды қолданудан тыйып тастамайды (осымен қатар 13.4 қағидасын қараңыз).

26.4 қағидасы мына жағдаймен байланысты, алтыншы Конгресте көрсетілгендей, әйел-құқық бұзушыларға негізінде еркек құқық бұзушыларға қарағанда азырақ мән беріледі. Айрықша, алтыншы Конгрестің 9 қарарында сот төрелігін орындау барысындағы әрбір кезеңде әйел-құқық бұзушылармен әділ қарым қатынас орнатуға шақырады, сондай-ақ сот төрелігін орындау барысындағы барлық кезеңде бас бостандығынан айрылған кезінде нақты проблемалар мен мұқтаждықтарды ерекше назармен қарастыруға үндейді. Сонымен қатар, аталмыш қағида сот төрелігін орындау кезіндегі тең құқылы қарым қатынасқа үндейтін алтыншы Конгресте қабылданған Каракас декларациясы аясында және Әйелдерге қатысты алалаушылықты жою туралы Декларация мен Әйелдерге қатысты алалаушылықтың барлық түрін жою туралы Конвенция аясында қарастырылуға жатады. Қамаудағылармен көрісу құқығы (26.5

қағидасы) 7.1, 10.1 және 15.2, сондай-ақ 18.2 ережелердің аясында тарқатылады. Түзеу мекемелерінде орналасқан құқық бұзушылармен қарым-қатынас жасау сапасын және осымен бірге түзеу мекемелеріндегі құқық бұзушылардың кәсіби білім алу сапасын арттырудағы ерекше рөл ойнайтын негізгі жол ретінде министрлік аралық және ведомство аралық ынтымақтастықты (26.6 қағида) нығайту болып табылатыны күмәнсіз.

## **27. Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Қамаудағылармен қарым қатынас орнату бойынша Минималды стандартты ережелердің қолданылуы**

27.1. Қамаудағылармен қарым қатынас орнату бойынша Минималды стандартты ережелері мен оларға қатысты ұсыныстар түзеу мекемелеріндегі кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен қарым-қатынас құру мәселесінде қажетінше қолдануға жатады, атап айтқанда сот үкімін күтіп жатқан кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты да қолданылады.

27.2. Қамаудағылармен қарым қатынас орнату бойынша Минималды стандартты ережелерінде сипатталған принциптердің бұдан да толыққанды орындалуы үшін және кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың жас ерекшеліктерін, жынысын және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып олардың алуан түрлі мұқтаждарын қанағаттандыру мақсатында барынша көбірек күш салу керек.

### **Түсініктеме**

Қамаудағылармен қарым қатынас орнату бойынша Минималды стандартты ережелері Біріккен Ұлттар Ұйымының жариялаған осы сипаттас құжаттарының алғашқыларының бірі болып саналады. Жаппай мойындауға байланысты, олардың ықпалы барлық әлемде сезілуде. Алайда, әлбетте бұл ережелерді қолдану дерек түрінде емесе, тек тілек түрінде қалып отырған елдер бар, және айта кетерлігі, осы Қамаудағылармен қарым қатынас орнату бойынша Минималды стандартты ережелер түзеу мекемелерінде қамаудағылармен қарым-қатынас орнатудың ең гуманды және әділетті жолын көрсетуші негізгі ереже ретінде қалып отыр.

Қамаудағылармен қарым қатынас орнату бойынша Минималды стандартты ережелерінде түзеу мекемелерінде орналасқан кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен қарым қатынастың негізгі әдістері көрініс тапқан (олар орналасқан ғимарат, олардың жабдықтары, жатын бұйымдары, киімдері, арыздары мен шағымдарын қарастыру, сыртқы әлеммен қатынас, дәрігерлік қызмет, діни рәміздерді орындау, жас ерекшеліктеріне қарай орналастыру, қызметкерлерге қойылатын талаптар, еңбек ету т.б.), осы аталғандармен қатар оларды жазалауға, тәртіпке және қауіпті құқық бұзушыларды бағындыруға қатысты ережелер де қамтылған. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігін орындаумен байланысты



Минималды стандартты ережелердің түзеу мекемелеріндегі ықпал ету күшінің айрықша ерекшеленетін тұстарын көрсету мақсатында аталмыш Қамаудағылармен қарым қатынас орнату бойынша Минималды стандартты ережелеріне өзгертулер енгізудің ешқандай мәні болмас еді.

27 қағидасында түзеу мекемелерінде орналасқан кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты керекті талаптар (27.1 қағидасы) баяндалған, осылармен бірге олардың жас ерекшеліктерін, жыныстық және тұлғалық ерекшеліктерін (27.2 қағидасы) ескере отырып, нақты әртүрлі мұқтаждықтарын қанағаттандыруға байланысты негізгі талаптар сипатталған. Сондықтан, аталмыш ережелердің міндеттері мен мазмұны кейбір жағдайларда Қамаудағылармен қарым қатынас орнату бойынша Минималды стандартты ережелеріндегі ұқсас ережелермен сәйкес келіп жатады.

## **28. Бастапқы кезеңдерде шартты еркіндікке шығару әдісін ұдайы қолдану**

28.1. Түзеу мекемелерінен еркіндікке шартты босату әдісі өз мағынасынан да кеңірек ауқымда және ертерек мерзім кезінде тиісті органдардың тарапынан қолданылуы мүмкін.

28.2. Түзеу мекемелерінен шартты түрде босаған кәмелетке толмаған құқық бұзушылар тиісті органның тарапынан көмек алады және олардың бақылауында болады және ұйымдардың тарапынан қолдау таба алады.

### **Түсініктеме**

Түзеу мекемелерінен шартты түрде босату туралы шешімді қабылдау құқығына 14.1 қағидасында аталған құзыретті органға берілуі мүмкін, немесе одан да өзге құзыретті билік органына беріледі. Сондықтан, осы жағдайда биліктің "құзыретті" органы дегеннен гөрі, биліктің "тиісті" органы деген тіркесті қолданған абзалырақ болатыны сөзсіз.

Егер орын алған жағдайлар мүмкіндік берсе, жас құқық бұзушыны бас бостандығынан толықтай айырмай, оны шартты босатуға басымдық берілген дұрыс. Аса қауіпті құқық бұзушылардың өзіне, егер олардың түзеу мекемелеріне орналасқан уақытында қайта тәрбиелеу әдістерінің нәтижелі болғандығын деректер, мәліметтер болса, онда оларды жағдайлар мүмкіндік берсе, шартты еркіндікке шығаруға болады. Сынау мерзімінің қойылғаны сияқты, бұлай шартты түрде босату да сол құқық бұзушылардың шешімде көрсетілген "жақсы тәртіп көрсету" мерзіміне, құқық бұзушының ұйымдық жұмыстарға қатысуы, катал емес режимдегі түзеу мекемелеріне орналасу мерзімі ішінде т.б. жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушы түзеу мекемесінен еркіндікке шартты түрде босатылған кезде, пробация жүйесінің немесе басқа да лауазымдық тұлға тарапынан (

әсіресе, пробация жүйесі ендірілмеген елдерде) болатын жәрдем мен бақылауды қарастырған жөн, сонымен қатар ұйымдардың тарапынан қолдау көрсетілгені дұрыс.

## **29. Жұмыстың аралық түрлері**

29.1. Қатал емес режимдегі түзеу мекемелері, тәрбие үйлері, күндізгі дайындық орталықтары және басқа да балама, осыларға сәйкес, сондай-ақ кәметке толмаған құқық бұзушының қоғамға қайта сіңісіп кетуіне мүмкіндік беретін аралық жұмыс түрлерінің пайдаланылуын да қарастырған абзал.

### **Түсініктеме**

Түзеу мекемелерінен шыққаннан кейінгі кәметке толмаған құқық бұзушыға көрсетілетін қамқорлықтың маңызын жете бағалаған жөн. Осы қағидада аралық сипаттағы мекемелердің желісін құрудың қажеттілігі мен маңыздылығы туралы атап айтылады.

Аталмыш қағидада, жаңағы айтылғандармен қатар, қоғамға қайта қосылған кәметке толмаған құқық бұзушылардың әртүрлі мұқтаждарын қанағаттандыруға бағытталған және кәметке толмаған құқық бұзушылардың қоғамға қайта сіңісуіне нұсқау берер және құрылымдық қолдау берер мекемелер мен қызметтерді жасақтау маңыздылығына да аса мән беріледі.

### **Алтыншы бөлім**

#### **Зерттеулер, жоспарлау және саясатты әзірлеу мен бағалау**

#### **30. Зерттеулер – саясатты жоспарлау, әзірлеу және бағалаудың негізі ретінде**

30.1. Саясатты нәтижелі жоспарлау мен әзірлеудің негізі болып табылатын қажетті зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға және соны ынталандыруға күш салу керек.

30.2. Сонымен қатар, кәметке толмаған құқық бұзушылар арасындағы құқық бұзушылықтарды шолу, құқық бұзушылық және қылмыстылық мәселесі, себептері тәріздес, сондай-ақ қамауда жатқан кәметке толмаған құқық бұзушылардың нақты мұқтаждарын ұдайы шолу жасау және үрдісін бағалауға тырысу керек.

30.3. Кәметке толмаған құқық бұзушыларды сот төрелігін орындау аясында және дұрыс бағалау жасау мақсатындағы және сот төрелігін әрі қарай дамыту, реформалау мақсатындағы тиісті ақпараттарды жинау, талдау ұдайы бағалау зерттеулерінің құрылымын әзірлеуге барынша күш салу керек.

30.4. Кәметке толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігін орындау кезінде ұлттық дамытудың бөлінбес бөлігі болып табылатын шараларды жүйелі түрде дамыту және жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсетілу керек.

## Түсініктеме

Зерттеулерді кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігін орындау жүйесінің ғылыми жетістіктер деңгейіне сәйкестігін, ұдайы дамуын, жетілдірілуін қамтамасыз ететін негізгі құрылым ретінде пайдалану және ұтымды саясаттың негізі ретінде қолдану орын алып отыр. Зерттеу жұмыстары мен саясаттың арасындағы өзара кері байланыс кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігін орындау процесінде айрықша зор мағынаға ие болып отыр. Жастардың өмір сүру ерекшеліктерінің, сондай-ақ кәмелетке толмаған құқық бұзушылар арасындағы қылмыстылық түрлерінің жылдам әрі жиі өзгеруі жағдайында, сол қылмыстарға қоғам мен сот төрелігінің қарым-қатынасы тез ескіріп, орынсыз болып отырады.

Сондықтан, 30 қағидада зерттеу қызметінің кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігін орындау саясаты мен қолданылу үдерісіне енгізілуіне қажетті стандарттар көрсетілген. Аталмыш қағидада ұдайы шолулар мен қолданыстағы бағдарламалар мен шаралардың бағалануына, осымен қатар дамудың жалпы міндеттері аясындағы жоспарлаудың қажеттілігіне айрықша мән беріледі.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың мұқтаждарын, сондай-ақ кәмелетке толмаған құқық бұзушылар арасындағы құқық бұзушылық үрдістері мен мәселелерін ұдайы бағалаулар өткізу – ресми және бейресми түрдегі араласу шараларын жүргізудің және тиісті саясатты әзірлеу әдістерінің алғышарттарының бірі болып саналады. Осы мағынада жауапты мекемелер тәуелсіз тұлғалар мен ұйымдар тарапынан жүргізілетін зерттеулерге ықпалдастық етіп, тіпті сот төрелігімен қатынасқа түсетін тұлғалардың ғана емес, кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың өз пікірлерін де ескергендері жөнді болар еді.

Жоспарлаудың үдерісінде бірінші орынға, қажетті қызметтерді қамтамасыз етудегі нәтижелі және әділ жүйені жоспарлау шығады. Осы мақсаттарда, кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың түрлі мұқтаждары мен олардың қиыншылықтарын талдаудың жиынтықты және ұдайы талдауы жүргізілуі тиіс және кезек күттірмейтін міндеттерді анықтау керек. Осыған байланысты, қолдағы бар ресурстардың атап айтқанда әзірленген бағдарламалардың нәтижелерін жүзеге асыруға және қадағалауға қажетті нақты процедураларды дайындауға ықпал ететін балама әдістер мен қоғамдық қолдау түрлерінің қолданылуын үйлестіру керек.